

Ш.И. Джанзакова^{1*}, Ғ.Б. Базарғалиев¹, Ғ.О. Мугауина¹, Р.Қ. Анарбек¹

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы
*e-mail: sholpan.dzhanzakova@mail.ru

ЖОО-ДА ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ ЕҢБЕКТЕРІН ОҚЫТУДА САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Андатпа

Мақалада профессор Халел Досмұхамедовтың өмірі мен шығармашылығы қарастырылып, оны заманауи цифрлық технологиялар арқылы оқырмандарға қолжетімді етуге бағытталған жұмыстар баяндалады. Жасанды интеллект пен цифрландырудың қарқынды дамуы кезеңінде Халел Досмұхамедовтың мұраларын болашақ ұрпаққа жеткізу және олардың білім беру жүйесінде тиімді қолданылуы аса маңызды орын алады. Мақалада қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын тұлғалардың бірі, өз заманының көрнекті қоғам қайраткері, этнограф, тарихшы, медицина және жаратылыстану ғылымдарын зерттеушісі, әмбебап ғалым Х.Досмұхамедовтың мұраларын оқыту және насихаттау арқылы студенттердің бойында отансүйгіштік тәрбиені қалыптастыру қарастырылған.

Зерттеу барысында сауалнама, тест, математикалық-статистикалық сынды зерттеу әдістер қолданылды. Халел Досмұхамедовтың өмірі мен қоғамдық-қайраткерлік және ғылыми қызметін таныту үшін үш тілде электронды кітаптар («Оқушының саулығын сақтау», «Как бороться с чумой среди киргизских населения», «Аламан») мен «Халел әлемі» атты онлайн-энциклопедия (веб-сайт) әзірленді. Онлайн-энциклопедия арқылы оқырмандар профессор Халел Досмұхамедовтың өмірі, қызметі және шығармашылығымен толық таныса алады. Сонымен қатар, онда ғалымның еңбектері мен басқа зерттеушілердің мақалалары қолжетімді. Веб-сайттың құрылымы бірнеше бөлімнен тұрады: басты бет, өмірі мен шығармашылығы, Халелтану сынды негізгі бөлімдерге бөлінген. Әр бөлім өз ішінде бірнеше тақырыптарға жіктеледі. Өмірі мен шығармашылығы бөлімінде ғалымның өмірбаяны, шығармашылық мұрасы, еңбектері туралы ақпараттар орналастырылған. Халелтану бөлімінде мақалалар, жаңалықтар, фотогаллерия және Халел туралы естеліктер бар. Сауалнаманың нәтижелерінде цифрлық технологияны пайдалану арқылы тұлғатану курстарын оқыту студенттердің қызығушылығын, білім сапасының артуын және оның тиімділігін көрсетті.

Негізгі сөздер: цифрлық технологиялар, Халел Досмұхамедов, электронды кітап, ғылыми терминология, цифрландыру, оқу процесі, студенттер.

Кіріспе

Бүгінде әлемде жасанды интеллект және заманауи цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы өміріміздің барлық саласында жаңа мүмкіндіктер мен міндеттер туындатуда. Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауы еліміздің цифрландыру саласындағы мәселелерге көңіл бөлуімен ерекшеленеді [1]. Осы Жолдауында атап көрсетілгендей, цифрландыру – тек экономиканың дамуы үшін ғана емес, қоғамның әлеуметтік жағдайын жақсарту, жастарға қолдау көрсету және білім беру жүйесін жаңарту үшін де маңызды. 2017-2022 жылдар аралығында жүзеге асқан «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы республика экономикасының даму қарқынын жеделдетуге және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етті, орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды пайдалану арқылы, сондай-ақ Қазақстан экономикасын түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасады [2].

Еліміздің қазіргі кезеңдегі түпкі мақсаттарының бірі – жасанды интеллектілік технологияларды енгізу арқылы мемлекетімізді цифрландыруда әлемдік көшбасшылардың қатарында болу. Бұл бағытта жүзеге асырылатын шаралар жастардың болашағын жарқын етуге, қоғамды дамытуға және елдің тұрақты экономикалық өсімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, қазақ ұлт зиялыларының мол мұраларын ұрпақтан ұрпаққа өнеге ретінде қалдыру қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі. Қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын тұлғалардың бірі — Халел Досмұхамедов. Ол өз заманының көрнекті қоғам қайраткері, этнограф, жазушы, тарихшы және жаратылыстану ғылымдарының зерттеушісі, дәрігер, сондай-ақ ағартушы, отанын сүйген адал азамат ретінде танымал.

Халелтанушы ғалым Ғабит Бақытжанұлы Базарғалиев өз ғылыми еңбегінде Халел атамyz туралы: «Отансүйгіш азамат деп ата-ана, ел үмітін ақтаған, Отан сенімін сақтаған, зұлымдық жолын баспаған жан-жақты дарын, арлы жанды айтады. Елжанды азамат деп қиын сәтте тәуекел қайығына қаймықпай мінетін, қас дұшпанның езуін тілетін, жетім-жесірге, шаршап-шалдыққанға, қайғы басып қамыққанға көмекке келіп, шапағатын аямаған ерен ерді айтады» - деп көрсетеді [3].

Әмбебап ғалым Х.Досмұхамедовтың мұраларын зерттеу және цифрландыру арқылы білім беру жүйесіне енгізу – қазіргі заманның кезек күттірмейтін өзекті мәселесі. Халел Досмұхамедовтың жаратылыстану, медицина, тарих, тіл біліміне арналған еңбектерін терең зерделеп, қазіргі ғылым мен білім жүйесінде қолдану, электронды нұсқаларын жасау және ЖОО-да оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану – жастарды білім деңгейін көтеруге, цифрлық сауаттылығын арттыруға және мемлекетіміздің болашағын жарқын ететін патриот жастарды тәрбиелеуге септігін тигізетіні сөзсіз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Атақты педагог В.А. Сухомлинский: «Адам белгісіз шаңмен із-түзсіз жоғалып кету үшін дүниеге келмейді. Адам артынан мәңгілікке із қалдыру үшін дүниеге келеді...» дегендей [3], қазақтың алғашқы жаратылыстанушы ғалымы Х.Досмұхамедовтың есімін ұмытпай, оның ғылымға қосқан үлесін насихаттау кейінгі ұрпақтарға аманат. Зерттеу материалдары ретінде Халел Досмұхамедов еңбектері, халелтанушы отандық ғалымдардың еңбектері, ғылыми монографиялар пайдаланылды. Атап айтқанда, Халел Досмұхамедовтың «Оқушылардың саулығын сақтау», «Как бороться с чумой среди киргизских населения», сондай-ақ Әнес Ғ., Тыныбаев Б., Сейталиев К.Б., Мектеп-тегі А.Қ., Мираш С., Джанзакова Ш.И., Базарғалиев Ғ.Б., Иманғалиева Н.Т., т.б. сынды ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылды.

Зерттеу әдістері негізінде сауалнама, тест, статистикалық әдісі қолданылды. Статистика нәтижесі кесте және графикті пайдалану арқылы ұсынылды. Зерттеу объектісі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жаратылыстану, инновациялық білім беру, гуманитарлық ғылымдар мен өнер, физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеттерінің оқу-тәрбие үдерісі.

Нәтижелер және оларды талқылау

Көп қырлы дарын иесі, ғалым Халел Досмұхамедов өз дәуірінің маңызды қажеттіліктерін өтей білді. Ол қазақ тілінде медицина және жаратылыстану салалары бойынша алғашқы оқулықтар мен ғылыми-көпшілік еңбектерді дайындап шығарды.

Халел Досмұхамедұлы Досмұхамедов 1883 жылы 24 сәуірде Атырау облысы (бұрынғы Гурьев) Қызылқоға ауданының Тайсойған құмындағы Жарыпшыққан өзенінің бойында дүниеге келді. Ауыл молдасынан сауат ашқан Халел Ойыл (Көкжар) қаласындағы бір кластық орыс-қырғыз училищесінде бастапқы білім алып, содан кейін Орал қаласындағы реалды училищені 1903 жылы ойдағыдай үздік бітірді. Сол жылы Санкт-Петербургтегі Императорлық Әскери-медицина Академиясына түсіп, оны 1909 жылы 17 қарашада үздік белгіге емші (лекарь с отличием) дәрежесімен бітіріп шықты. Ол Ғалым Академиясы жанындағы Өлкетану орталық бюросының корреспондент-мүшесі, Қазақстанды зерттеу қоғамының мүшесі, Рабпрос одағының ғылыми қызметкерлер секциясының мүшесі, Қазақстан үкіметі жанындағы терминология комитетінің төрағасы сияқты көптеген қоғамдық жұмыстарды атқарды. «Қызыл террордың» салдарынан 1930

жылы 14 қыркүйекте Воронеж қаласына жер аударылды. 1935 жылы 15 қыркүйекте жазасын өтеп болғаннан кейін сол Воронеж қаласында 1938 жылдың 28-шілдесіне дейін Воронеж қаласындағы дәрігерлердің білімін жетілдіру институтының әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру кафедрасында сабақ беріп, қалалық поликлиниканың клиникалық лабораториясының меңгерушісі болып жұмыс істеді. «Х.Досмұхамедов Ресейдің оңтүстігімен Қазақстанның батыс өңірін жайлаған оба ауруына қарсы жан аямай күрес жүргізді. Ол Ілбішін, Темір, Тайсойған айшығының халқын оба індетінен қырылып қалу қаупінен аман алып қалуға зор үлес қосты. Обаға қарсы жүргізілген жұмыстарының негізінде жазылған «Как бороться с чумой среди киргизского населения» атты көлемді еңбегі 1924 ж. Ташкент қаласында басылды» [4], [5].

1937 жылдың зұлматы Халелді 1938 жылы 28 шілдеде Воронеж қаласында тұтқындап, 1939 жылы 23 көкекте Алматы қаласында ату жазасына үкім шығарған болатын.

Халел Досмұхамедовтың еңбектері қазақ ғылымының алғашқы қадамдарын айқындап, ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы маңызды кезең болды. Оның оқулықтары қазақ тілінде ғылыми стильді дамытуға, терминологияны қалыптастыруға және ұлттық ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосты. Халел Досмұхамедов қазақ тілінде ғылыми терминологияны енгізу жұмысын нақты жоспармен жүзеге асырды. Бұл туралы зерттеуші Аманқос Мектеп-тегі өз еңбегінде: «Халел Досмұхамедұлы көп қырлы дарын иесі. Ол дәрігер, қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, ұстаз, ғалым, әдебиетші және ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін жинап, насихаттаушы һәм шебер аудармашы да. Бір ғажабы, 30 жылдардың зұлматы түгел сыпырып әкеткен репрессияға дейінгі қазақ зиялыларының (Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы, Құдайберген Жұбанұлы, т.б.) бәрі шетінен талай ғылымның басын шалған әмбебап жандар екені мәлім. Мұның сыры уызынан ауызданған ұлттық тәлім тәрбиенің тамырынан ажырамаған дәстүрлі жалғастығында болса керек» [6].

Зерттеушінің пайымдауынша, Халел Досмұхамедов өзінің полиглоттық қабілетінің арқасында қазақ тіліне жекелеген ғылыми ұғымдарды жүйелі түрде енгізген. Бұл қабілет, әсіресе, ана тілі мәселелерін талқылауда қағидалы пікір айтуға және өзге халықтардың озық тәжірибелерін меңгеру арқылы қазақ тіліне қажетті оқулықтар мен әдістемелік құралдарды жазуға негіз болды.

Профессор Ғарифолла Әнес Халел Досмұхамедов оқулық жазудағы басты қиындықтың ғылыми терминологияның жоқтығымен байланысты екенін атап өтті. Оның сөзімен айтқанда: «Қазақ тілінде бұған дейін Ахметтің «Тіл-құралынан» басқа ешбір ғылым жайында жазылған кітап болмады. Алдымызда үлгі болмаған соң, ғылым кітабын жазу өте қиын болды...». Сонымен қатар, ол терминологияны қалыптастырудың маңыздылығына ерекше назар аударды: «Ғылым атауларына лайықты ат қою алғашқы уақытта тым мұқтаж, бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе; сондықтан алғашқы жазылған кітаптарда...ғылым атауларына лайықты атақ тағу жағын қарастыру керектірек дейміз» [7].

Бұхара қаласында өткен (қай жылы өткен жазу керек) «Ғылыми терминология мәселелері» конференциясында баяндама жасап, өз ұсыныстарын ортаға салды. Конференцияны дайындау кезінде Халел: «Терминдермен жұмыс істегенде алдымен өзбек тіліндегі сөздерді қолдану қажет, бірақ сонымен бірге Еуропа халықтарының тілдеріндегі сөздерді де ескеру керек», - деп жазған. Бұл пікірінен оның терминологияға үлкен жауапкершілікпен қарап, қазақ тілінде ғылыми әдебиетті дамыту ісінің қаншалықты қиын болғанын әрі оның ұлттық ғылымның болашағына негіз қалаудағы рөлін айқындағанын көруге болады.

«Шет сөздер туралы» мақаласында Халел шетелдік сөздердің қазақ тілінің сөздік қорына енгізілгенін дәлелдермен негіздеген. Ол аударып, қолданған терминдер ботаника,

зоология, анатомия, физиология, әдебиет, тіл білімі ғылымдарында қолданылды. Бұл терминдер кейінгі кезеңдерде де ғылым дамыған сайын кеңінен пайдаланылғаны анық.

Қазақстанда жоғары оқу орындары мен арнайы білім беру мектептерінің болмауы педагогикалық кадрларды даярлауда елеулі қиындықтар туғызды. Елдің мәдени және материалдық жағдайының жеткіліксіздігі педагогикалық жоғары оқу орындарын ұйымдастыруға кедергі жасады.

1927 жылы Халел Досмұхамедов Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы болып тағайындалып, университеттің құрылымы, білім беру жоспары және қаржылық есеп-қисаптарын әзірлеуге жетекшілік етті. 1929 жылы Ташкент педагогикалық институтының негізінде Қазақ мемлекеттік университетін құруға белсенді қатысып, оның тұңғыш проректоры және педология кафедрасының меңгерушісі болды. Арнайы комиссия шешімімен оған педология профессоры атағы берілді. «Көрнекті ғалым және Қазақстанда халық ағарту ісін ұйымдастырушылардың бірі ретінде Халел Досмұхамедұлы республикада жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасу және даму тарихына ерекше үлес қосты», - деп профессор, п.ғ.д. Қ.Б. Сейталиев өз мақаласында атап көрсеткендей, Х. Досмұхамедовтың бұл еңбегі Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін қалыптастыруға және жоғары оқу орындарының дамуына негіз қалады [8].

Ғалым, п.ғ.к. Иманғалиева Нұрсұлу диссертациялық зерттеуінде Х. Досмұхамедовтың педологияның кешенді ғылым екенін ескере отырып, студенттерге лекция оқуда оны физиология, психология және басқа да ғылымдармен тығыз байланыста баяндағаны атап көрсетіледі. Сонымен қатар, ол педологияны қазақ халқының рухани мұрасымен, атап айтқанда фольклор және салт-дәстүрлермен сәтті үйлестіре отырып, бұл ғылым саласымен студенттерді жан-жақты таныстырды. Х.Досмұхамедов қазақ топырағында алғаш рет педология кабинетін ұйымдастырып, осы бағыттағы білім беруді жүйеледі [9].

Осындай зор еңбекпен келген ғалымның туындыларын ұмыт қалдырмай, келесі ұрпаққа мұра ретінде жеткізу – біздің міндетіміз. Бұл тек ғалымның еңбегін құрметтеу ғана емес, сонымен қатар, оның ғылымға қосқан үлесін зерделеп, болашақ ұрпақтың игіліне айналдыру болып табылады. Ғылым мен білімнің дамуына жол ашатын мұндай құнды еңбектерді сақтау – мәдени және интеллектуалды мұраны жалғастырудың маңызды қадам. Сондықтан, Халел Досмұхамедовтың еңбектері көпшілікке қолжетімсіз, олар тек белгілі кітапханаларда ғана сақталған.


Қазіргі цифрлық дәуірдің балалары болашақ қоғамның жеке тұлғалары болып табылады, оларды цифрлық туылған немесе Z буыны деп атауға болады. Бұл жаста білім беру әдістері, перспективалары, мінез-құлық үлгілері, ғылыми құрылымдары, өмірлік көзқарастары, әдеттері және жеке ерекшеліктері жеке тұлғалардың цифрлық біліміне сәйкес қалыптасады және осы өзгеріс пен трансформацияны болжайтын дамыған қоғамдар мен елдер үлкен қызығушылық тудырады. Сондықтан білім беруді цифрландыру мемлекеттік саясатқа және білім беру саясатының маңызды бөлігіне айналды (Calvert, Jordan & Cocking, 2002; Tracey & Francesca, 2020). Біз ақпараттық ғасыр деп атайтын осы цифрлық дәуірде технологиялық әзірлемелер білім беру мен оқытудың үздіксіздігіне әсер етеді және өзгермелі қоғамның негізі болып табылатын білім беру ұйымының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады (Allcoat et al., 2021). Жаһандану процесінде пайда болған технологиялық, әлеуметтік және экономикалық оқиғалар білім беру саласында көптеген өзгерістер әкелді және мектептің мүдделі тараптарының рөлі осы бағытта өзгерді және дәстүрлі рөл жеткіліксіз деп айтуға болады (Greenhow, Robelia, & Hughes, 2009; Старки, 2011).

Цифрлық ұрпақтың жеке тұлғалары алдыңғы ұрпақтармен салыстырғанда ақпараттық технологияларға қатысты озық білім мен дағдыларға ие (Беннетт, Матон Және Кервин, 2008; Лоренцо Және Дзюбан, 2006; Тонта, 2009) және бірнеше медианы тиімді пайдалана

алады. Олардың толық әлеуеті (McMahon & Possipil, 2005; Оздемир, 2022). Жеке адамдар көп тапсырманы орындау дағдыларын дамытты (Беннетт және басқалар., 2008; Макглейн, 2005, 14; Макмахон Және Поспишил, 2005, 421; Пренский, 2001; Вин, 2007, 3). Кейбір зерттеушілер бұл көп тапсырма концентрацияның төмендеуімен және когнитивті «шамадан тыс жүктемемен» тиімсіз жұмысқа әкелуі мүмкін, өйткені ми әртүрлі тітіркендіргіштер арасында ауысады деп сенеді (Беннетт және басқалар., 2008, 7; Спинк, Коул Және Уоллер, 2008, 105), ал басқалары көп тапсырма уақытты үнемдейді деп санайды (Гүнүч, 2011, 2). Цифрлық дәуірді үйренушілер жазбаша мәтіндерді қызықсыз деп санайды. Олар әдетте ақпарат алу үшін суреттер, аудио, анимация және бейне сияқты мультимедиялық материалдарды ұнатса да, ақпаратқа қол жеткізуде жылдамдық, көрнекілік және ойын-сауық алдыңғы қатарда (Гүнүч, 2011; Пренский, 2001; Вин, 2007, 3). Технологиямен қоршалған студенттер сандық ресурстар арқылы зерттеу мен оқуды жөн көреді. Олар үй тапсырмасын орындау үшін қажет нәрсенің барлығын интернет-ресурстар арқылы онлайн орталардан алуға болатыны туралы жалпы түсінік пен сенімділікке ие. Бүгінгі студенттер ақпаратқа алдыңғы буындарға қарағанда көбірек қол жеткізе алады (Lorenzo & dziuban, 2006) [10].

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында білім берудің барлық деңгейінің мазмұнын барлық мамандардың цифрлық дағдыларын дамыту арқылы толығымен қайта қарау қажеттігі көрсетілген. Білім беру саясатының осы өзгерістеріне сай барлық оқырмандарға, соның ішінде шетелдік оқырмандарда қолжетімді болу үшін үш тілде электронды кітап (ebook) дайындалды. Соның ішінде, «Оқушының саулығын сақтау» [11], «Х.Досмұхамедұлының мақалалар жинағы» [12] еңбектері бар.

Осы электронды кітапты оңай қарау үшін арнайы QR дайындалды:



1-сурет - «Оқушының саулығын сақтау» кітапшасының электронды нұсқасы
Ескерту: авторлармен құрастырылған

Профессор Халел Досмұхамедовтың өмірі мен шығармашылығын таныстыру мақсатында заманауи цифрлық технологияларды пайдаланып, екі тілде (қазақша, ағылшынша) онлайн энциклопедия (сайт) әзірленген болатын.

Қазіргі таңда қағаз форматындағы дереккөздердің орнына электронды ақпарат көздері кеңінен қолданылып, адамдар қажетті мәліметтерді газеттер мен журналдардан емес, бірнеше сайттардан жылдам әрі ыңғайлы түрде іздеуде. Сайттардың басты артықшылығы – ақпаратты интернет қолданушыларына тез әрі тиімді жеткізуі болып табылады.

Онлайн-энциклопедия арқылы оқырмандар профессор Халел Досмұхамедовтың өмірі, қызметі және шығармашылығымен толық таныса алады. Сонымен қатар, онда

ғалымның еңбектері мен басқа зерттеушілердің мақалалары қолжетімді. Веб-сайттың құрылымы бірнеше бөлімнен тұрады: басты бет, өмірі мен шығармашылығы, Халелтану бөлімдеріне бөлінген. Әр бөлім өз ішінде бірнеше тақырыптарға жіктеледі. Өмірі мен шығармашылығы бөлімінде ғалымның өмірбаяны, шығармашылық мұрасы, еңбектері туралы ақпараттар орналастырылған. Халелтану бөлімінде мақалалар, жаңалықтар, фотогалерея және Халел туралы естеліктер бар.



2-сурет. Онлайн-энциклопедияның сілтемесі

Ескерту: авторлармен құрастырылған

1994 жылы 23 мамырдағы Министрлер Кабинетінің шешімімен Атырау мемлекеттік университетіне ғұлама ғалым Халел Досмұхамедовтың есімінің берілуі Атырау облысы жұртшылығының мәдени өмірінде ерекше оқиға болып табылады. Халел бабамыздың есімінің ортамызға қайта оралуы, оның жан-жақты сарқылмас ғылыми мұрасын зерделуге және Халелтану тағылымын терең зерттеуге мүмкіншілік жасады. 2003 жылдан бастап профессор Қ.Б.Сейталиевтың ұсынысы бойынша университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен «Халелтану» курсы университеттің барлық мамандықтарының оқу жоспарына енгізу міндеттелді. Профессор, педагогика ғылымдарының докторы Қ.Б.Сейталиевтің және педагогика ғылымдарының кандидаты Ғ.Базарғалиевтің құрастыруымен «Халелтану» курсының бағдарламасы жасақталып, «Халелтану» оқулығы 15 б.т. көлемінде баспадан шығарылды.

Цифрландырылған Халел мұраларын оқыту процесіне енгізудің тиімділігін тексеру мақсатында университетте жаппай бірінші курста оқытылатын «Халелтану» курсының бақылау тобына жаратылыстану, инновациялық білім беру факультеттерінің 178 студенті және эксперименттік топқа математика, физика және ақпараттық технологиялар, гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеттерінің 180 студенті қатысты.

«Халелтану» пәнінен эксперименттік жұмыс арнайы құрастырылған сауалнамалар арқылы жүргізілді. Сауалнама мазмұны:

«Халел Досмұхамедов жайлы не білесіз?»

1. Профессор Халел Досмұхамедов қай жылы және қайда дүниеге келді?
2. Халел Досмұхамедов білім алған оқу орындары
3. Санкт-Петербург қаласындағы студенттік кезеңіне сипаттама беріңіз
4. Халел Досмұхамедов қандай ғылымдардың дамуына өз үлесін қосты?
5. Профессор Халел Досмұхамедовтың негізгі мамандығы қандай?
6. 1925 жылғы оқушыларға арналған оқулығының атауын табыңыз.
7. 1929 жылы Х.Досмұхамедовке қандай ғылыми атақ берілді?
8. Халелдің денсаулыққа арналған еңбектерін атаңыз
9. Халел Досмұхамедовтың ағартушылық бағыттағы еңбектері қандай?

10. Гурьев педагогикалық институтына Х.Досмұхамедов есімі қай уақытта берілді?
11. Х.Досмұхамедовтің қоғамдық-қайраткерлік қызметіне сипаттама беріңіз
12. Халел Досмұхамедовтың отбасы жайлы не білесіз?
13. Халелдің «Аламан» еңбегі не туралы жазылған?
14. Халел Досмұхамедовтың медицина ғылымына арналған еңбектерін ата
15. «Шума қандай ауру» мақаласы не туралы?
16. Халел Досмұхамедовтың Қазақстандағы жоғары оқу орындарын ұйымдастырудағы рөлі туралы не білесіз?
17. 1927 жылы Халел Досмұхамедов қандай маңызды міндет атқарды?
18. Халел Досмұхамедов алғаш рет қандай маңызды білім беру құрылымын ұйымдастырды?
19. Халел Досмұхамедұлының обаға қарсы жұмыстары негізінде жазылған еңбегі қалай аталады?
20. «Шет сөздер туралы» мақаласында Халел қандай мәселені көтерді?

Зерттеу жүргізу барысында келесі мәселелер анықталды:

Студенттердің білім деңгейін пайыздық өлшеммен саралау барысында үш негізгі деңгей бөлінген: жоғары деңгей (90-100%), орташа деңгей (70-90%), және төменгі деңгей (50-70%).

Сауалнама нәтижелері бойынша төмендегідей қорытындылар жасалды.

Кесте 1 – «Халел Досмұхамедов жайлы не білеміз?» атты сауалнаманың статистикалық сипаттамасы (дәстүрлі форматта). Бақылау тобы.

Топтар	Қатысқан студент саны	Төменгі деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей	Білім сапасы (пайыздық өлшем)
Жаратылыстану және инновациялық білім беру факультеті	178	45	59	74	58%
Ескерту: авторлармен құрастырылған					

Кесте 2 – «Халел Досмұхамедов жайлы не білеміз?» атты сауалнаманың статистикалық сипаттамасы (цифрлық технологияны пайдалану негізінде). Эксперименттік тобы.


Топтар	Қатысқан студент саны	Төменгі деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей	Білім сапасы (пайыздық өлшем)
физика, математика және ақпараттық технологиялар және гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті	181	68	74	38	79%
Ескерту: авторлармен құрастырылған					

Бірінші кестеде дәстүрлі форматта оқытылған студенттердің білім деңгейі туралы мәлімет көрсетілген. Бұл кестеде жоғары және орташа деңгейдегі жауап берген студенттердің саны аз екендігін байқауға болады. Бұл дәстүрлі оқыту әдісінің кейбір

аспектілерінің студенттердің пәнге қызығушылығын тудыра алмауы мүмкін екенін көрсетеді.

Екінші кестеде цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқытылған студенттердің білім деңгейі жоғары екені анық көрінеді. Бұл кестеде жоғары деңгейде жауап берген студенттердің саны айтарлықтай артып, цифрлық технологиялардың оқыту процесіне білім сапасының жоғарылауына әсерін тигізетінін көрсетеді.

Бақылау тобы мен эксперимент тобының білім сапасын салыстырып, төмендегідей нәтиже аламыз:



Сурет 3 - «Халел Досмұхамедов жайлы не білесіз?» атты сауалнаманың диаграммасы

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Бақылау тобы мен эксперимент тобының білім сапасын салыстыру нәтижесінде білім сапасының 21%-ға көтерілгені байқалды. Бұл статистика арқылы оқу процесінде цифрлық технологияларды пайдаланудың білім сапасын арттырудағы тиімділігі мен студенттердің материалды ауқымды меңгеруіне және тұлғатануға деген қызығушылығы мен таным белсенділігін арттыруына зор ықпалын тигізетінін анықтадық.

Қорытынды

Заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің дамуы Қазақстанның цифрландыру жолындағы стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында цифрландырудың экономикалық өсім мен әлеуметтік жағдайды жақсартудағы рөлі атап көрсетілген. Бұл бағытта Халел Досмұхамедов сияқты ұлы ғалымдардың мұраларын зерттеп, цифрландыру арқылы білім беру жүйесіне енгізу – аса маңызды.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенттері арасында жүргізілген «Халел Досмұхамедов жайлы не білесіз?» атты жүргізілген сауалнама нәтижесі цифрлық технологияларды қолдану арқылы «Халелтану» курсын оқыту білім сапасын едәуір арттыратыны анықталды. Бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелері салыстырылып, цифрлық технологиялар қолданылған топта білім деңгейінің 21%-ға жоғарылағаны байқалды. Бұл цифрлық оқыту әдісінің студенттердің пәнге қызығушылығын арттырып, материалды тереңірек меңгеруге және танымдық белсенділіктерін дамытуға ықпал ететінін көрсетеді. Дәстүрлі әдіспен оқытылған студенттер арасында білім деңгейі төменірек көрсеткіштер байқалса, цифрлық

технологиялар арқылы оқыту білім сапасының айтарлықтай жақсаруына ықпал еткені дәлелденді.

Сондықтан Халел Досмұхамедовтың мұрасын сақтау, насихаттау және жастар арасында танымал ету еліміздің мәдени және интеллектуалды әлеуетін дамытудағы маңызды қадам. Оның еңбектерін электронды нұсқаларда тарату мен онлайн энциклопедиялар әзірлеу осы мақсатқа жетудің тиімді жолдары болып табылады.

Тұлғатану және жастардың отансүйгіштік тәрбиесін қалыптастыруда, Алаш зиялыларының еңбектерін келешек ұрпақ ұмытпауын қамтамасыз ету мақсатында цифрландыруды кеңінен пайдалану қажет деп ойлаймыз. Бұл үшін Алаш зиялыларының еңбектері мен мұраларын сандық форматқа көшіріп, электрондық кітаптар, онлайн энциклопедиялар, деректі фильмдер жасау арқылы жастарға қолжетімді ету қажет. Олардың өмірі мен шығармашылығына арналған онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар әзірлеу өте маңызды. Бұл платформаларда мақалалар, аудиокітаптар, бейнематериалдар және басқа да интеративті ресурстар ұсынылуы тиіс. Оқу бағдарламасына енгізуде мектеп және ЖОО бағдарламаларына цифрлық құралдар арқылы енгізіп, цифрлық оқулықтар, видеосабақтар түрінде ұсыну қажет.

Цифрлық технологиялар арқылы патриоттық тәрбие беру мақсатында арнайы жобалар ұйымдастырып, Алаш зиялыларының ерліктері мен еңбектерін насихаттау қажет. Бұл, мысалы, виртуалды көрмелер, онлайн конференциялар, танымдық ойындар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Осы шаралар жастардың ұлттық сана-сезімін оятып, патриоттық тәрбиеге ықпал етіп, Алаш зиялыларының мұраларының ұлықтауға өз әсерін тигізеді деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.akorda.kz/kz/addresses> (қаралу уақыты: 27.09.2024)
- 2 Государственная программа «Цифровой Казахстан», утвержденная ПП РК от 12 декабря 2017 года № 827, Әділет. [Электрондық ресурс] – URL: adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827. (қаралу уақыты: 27.09.2024)
- 3 Базарғалиев Ғ.Б. Х.Досмұхамедовтың ағартушылық қызметі мен шығармашылық еңбектеріндегі патриоттық тәрбие идеялары. – Атырау. 2002. – 26 б.
- 4 Сухомлинский В.А. Қарасөздері. [Электрондық ресурс] – URL: <https://vsukhomlinski.narod.ru> (қаралу уақыты 27.09.2024)
- 5 Тыныбаев Б.Ғ. Халел Досмұхамедұлы-дәрігер. Ғұлама ғалым, ағартушы-педагог. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті баспасы. 1996. – 59 б.
- 6 Мектеп-тегі А.Қ. Көсемсөздің көсемі. – Алматы: Қазақ университеті. 2015. – Б. 332-333
- 7 Әнес Ғ. XX ғ. басындағы тілдік тұлғалар: Халел Досмұхамедұлы – түркітанушы // Eurasian Journal of Philology: Science & Education. 2022. Vol. 185. P. 42-49
- 8 Сейталиев Қ.Б. Х.Досмұхамедов және Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы. Ғұлама ғалым, ағартушы-педагог. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті баспасы. 1996. – Б. 21-24
- 9 Жарықбаев Қ.Б., Иманғалиева Н.Т. Халел Досмұхамедұлы психологиялық көзқарастары. – Алматы: Арыс. 2008. – Б. 78-90
- 10 Abildina S., Ozganbayeva R., Janzakova Sh., Kalykbayeva A., Bitikova A., Abdol E. (2023) The effect of variables associated with the digital learning environment on students' motivation and attitudes. International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST), 11(6). P. 1497-1517
- 11 Анарбек Р. Оқушының саулығын сақтау. [Электрондық ресурс] – URL: https://drive.google.com/file/d/1dD-i3OI8hcbxq0ElGJudl_xFwo24Iqos/view?usp=share_link (қаралу уақыты: 27.09.2024)
- 12 Анарбек Р. Х.Досмұхамедұлының мақалалар жинағы. [Электрондық ресурс] – URL: https://drive.google.com/file/d/1agWrHoZmtcJrffZASFNln44o3Kntf289/view?usp=share_link (қаралу уақыты: 27.09.2024)

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ ТРУДОВ ХАЛЕЛА ДОСМУХАМЕДОВА В ВУЗЕ

Аннотация

В статье рассматриваются жизнь и творчество профессора Халела Досмукхамедова, а также излагаются работы, направленные на обеспечение доступности его наследия для читателей с использованием современных цифровых технологий. В период стремительного развития искусственного интеллекта и цифровизации особое значение приобретает задача передачи наследия Халела Досмукхамедова будущим поколениям и его эффективное использование в системе образования. В статье рассматривается формирование патриотического воспитания студентов посредством преподавания и популяризации наследия Халела Досмукхамедова, одного из выдающихся деятелей в истории казахского народа, видного общественного деятеля своего времени, этнографа, историка, исследователя медицины и естественных наук, универсального ученого.

В процессе исследования использовались такие методы, как анкетирование, тестирование, математико-статистический анализ. Для популяризации жизни, общественной и научной деятельности Халела Досмукхамедова были разработаны электронные книги на трех языках («Оқушының саулығын сақтау», «Как бороться с чумой среди киргизских населений», «Аламан») и онлайн-энциклопедия «Мир Халела» (веб-сайт). Через онлайн-энциклопедию читатели могут ознакомиться с жизнью, деятельностью и творчеством профессора Халела Досмукхамедова. Структура веб-сайта состоит из нескольких разделов: главная страница, биография и творчество, халелеведение. Каждый раздел разделен на несколько тематических подразделов. В разделе «Биография и творчество» размещена информация о биографии ученого, его творческом наследии и трудах. В разделе «Халелеведение» представлены статьи, новости, фотогалерея и воспоминания о Халеле.

Результаты анкетирования показали, что использование цифровых технологий при преподавании курсов по изучению личности способствует повышению интереса студентов, улучшению качества образования и эффективности обучения.

Ключевые слова: цифровые технологии, Халел Досмукхамедов, Электронная книга, научная терминология, цифровизация, учебный процесс.

THE EFFECTIVENESS OF USING DIGITAL TECHNOLOGIES IN TEACHING THE WORKS OF KHALEL DOSMUKHAMEDOV AT UNIVERSITIES

Abstract

This article discusses the life and work of Professor Khalel Dosmukhamedov and presents efforts aimed at making his legacy accessible to readers through modern digital technologies. In the era of rapid development of artificial intelligence and digitalization, the transmission of Khalel Dosmukhamedov's heritage to future generations and its effective use in the education system hold significant importance. The article focuses on fostering patriotic education among students through the teaching and promotion of Khalel Dosmukhamedov's legacy, one of the most prominent figures in Kazakh history, a distinguished public figure of his time, an ethnographer, historian, researcher of medicine and natural sciences, and a versatile scholar.

In the research process, methods such as surveys, tests, and mathematical-statistical analysis were employed. To promote the life, public and scientific activities of Khalel Dosmukhamedov, electronic books in three languages ("Оқушының саулығын сақтау," "How to Fight the Plague Among the Kirghiz Population," "Alaman") and the "Khalel's World" online encyclopedia (website) were developed. Through the online encyclopedia, readers can fully explore Professor Khalel Dosmukhamedov's life, career, and works. It also provides access to his research and articles from other scholars. The website's structure consists of several sections: the main page, life, and work, and Khalel Studies, each of which is divided into several thematic subtopics. The "Life and Work" section includes information about the scholar's biography, creative heritage, and works. The "Khalel Studies" section features articles, news, a photo gallery, and memories of Khalel.

Survey results showed that using digital technologies to teach personality studies courses increases students' interest, enhances educational quality, and improves the overall effectiveness of the learning process.

Key words: digital technologies, Khalel Dosmukhamedov, E-book, scientific terminology, digitalization, educational process.

REFERENCES

- 1 Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ «Ädiletli Qazaqstan: zañ men tärtp, ekonomikalyq ösim, qoǵamdyq optimizm» atty Qazaqstan halqyna Joldaуy [Address of the head of State Kassym-Jomart Tokayev to the

people of Kazakhstan "Fair Kazakhstan: law and order, economic growth, public optimism"]. Available at: — URL: <https://www.akorda.kz/kz/addresses> [in Kazakh] (accessed: 27.09.2024)

2 Gosudarstvennaia programa «Sifrovoi Kazakhstan», utverjdenaia PP RK ot 12 dekabrä 2017 goda No 827, Ädilet [The state program "Digital Kazakhstan", approved by the PP of the Republic of Kazakhstan dated December 12, 2017 No. 827, Adilet]. Available at: — URL: adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827 [in Kazakh] (accessed: 27.09.2024)

3 Bazarǵaliev Ğ.B. Kh.Dosmūhamedovtyñ aǵartuśylyq qyzmeti men syǵarmaśylyq eñbekterindeǵı patriottıyq tärбие ideialary. [Ideas of patriotic education in the educational activities and creative works of Kh. Dosmukhamedov]. Atyrau. 2002. 26 p. [in Kazakh]

4 Suhomlinski V.A. Qarasözderi [Words of edification]. Available at: — URL: <https://vsukhomlinski.narod.ru> [in Russian] (accessed: 27.09.2024).

5 Tynybaev B.Ğ. Halel Dosmūhamedūly-däriger. Ğūlama ǵalym, aǵartuśy-pedagog. [Khalel Dosmukhamedov is a doctor]. Atyrau: H.Dosmūhamedov atyndaǵy Atyrau universiteti baspasy. 1996. 59 p. [in Kazakh]

6 Mektep-teǵı A.Q. Kösemsözdiñ kösemi. [Leader of the debate]. Almaty: Qazaq universiteti. 2015. P. 332-333 [in Kazakh]

7 Änes Ğ. XX ǵ. basyndaǵy tıldık tūlǵalar: Halel Dosmūhamedūly – türkitanuśy [Language personalities of the early XX century: Khalel Dosmukhameduly-turkologist]. Eurasian Journal of Philology: Science & Education; 2022. Vol. 185. P. 42-49 [in Kazakh]

8 Seitaliev Q.B. Kh.Dosmūhamedov jāne Qazaqstanda joǵary pedagogikalyq bılım berudiñ qalyptasuı. Ğūlama ǵalym, aǵartuśy-pedagog. [Kh. Dosmukhamedov and the formation of higher pedagogical education in Kazakhstan.]. Atyrau: Kh.Dosmūhamedov atyndaǵy Atyrau universiteti baspasy. 1996. P. 21-24 [in Kazakh]

9 Jaryqbaev Q.B., İmanǵaliev N.T. Halel Dosmūhamedūly psihologialyq közqarastary. [Khalel Dosmukhamedov psychological views]. Almaty: Arys. 2008. P. 78-90 [in Kazakh]

10 Abildina S., Ozganbayeva R., Janzakova Sh., Kalykbayeva A., Bitikova A., Abdol E. (2023) The effect of variables associated with the digital learning environment on students' motivation and attitudes. International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST), 11(6). P. 1497-1517 [in English]

11 Anarbek R. Oquśynyñ saulyǵyn saqtau [Maintaining student health]. Available at: — URL: https://drive.google.com/file/d/1dD-i3OI8hcbxq0ElGJudl_xFwo24Iqos/view?usp=share_link [in Kazakh] (accessed: 27.09.2024)

12 Anarbek R. Kh.Dosmūhamedūlynyñ maqalalar jınaǵy [Collection of articles by Kh. Dosmukhamedov]. Available at: — URL: https://drive.google.com/file/d/1agWrHoZmtcJrfFZASFNln44o3Kntf289/view?usp=share_link [in Kazakh] (accessed: 27.09.2024)

Information about authors:

Sholpan Dzhanzakova – **corresponding author**, doctor of pedagogical sciences, professor, of the Departments “Psychology and pedagogy”, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: sholpan.dzhanzakova@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-00029706-374X>

Gabit Bazargaliyev - candidate of pedagogical sciences, professor of the Departments “Psychology and pedagogy”, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: gabit72_72@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4529-3292>

Mugauna Gulbaram – doctor of Philosophy (PhD), associate professor of the Departments “Psychology and pedagogy”, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: gulshi.85@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7102-7134>

Regina Anarbek – master pedagogical sciences, head of the research center “Khalelogy”, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: regina.anarbek@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-00069182-6247>

Информация об авторах:

Шолпан Джанзакова – **основной автор**, доктор педагогических наук, профессор кафедры «Психология и педагогика», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: sholpan.dzhanzakova@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-00029706-374X>

Габит Базарғалиев – кандидат педагогических наук, профессор «Психология и педагогика», Атырауский университет имени Х.Досмұхамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: gabit72_72@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4529-3292>

Гулбарам Мугауина – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор кафедры «Психология и педагогика», Атырауский университет имени Х.Досмұхамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: gulshi.85@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7102-7134>

Регина Анарбек – магистр педагогических наук, руководитель научно-исследовательского центра «Халеловедение», Атырауский университет имени Х.Досмұхамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: regina.anarbek@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-00069182-6247>

Авторлар туралы ақпарат:

Шолпан Джанзакова – **негізгі автор**, педагогика ғылымдарының докторы, «Психология және педагогика» кафедрасының профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: sholpan.dzhanzakova@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-00029706-374X>

Габит Базарғалиев – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Психология және педагогика» кафедрасының профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gabit72_72@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-3314-0188>

Гулбарам Мугауина – Философия докторы (PhD), «Психология және педагогика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gulshi.85@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7102-7134>

Регина Анарбек – педагогика ғылымдарының магистрі, «Халелтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: regina.anarbek@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-00069182-6247>